



Алакөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№3 (8089) 20. 01. 2024.
Сенбі / Суббота

Келісімшартқа қол қойды

Алакөл ауданы аграрлық сектордан тұратындықтан, егістік алқаптардан тиімді өнім алу басты назарда. Биыл ауданда 85112 га егістік алқап игерілді. Оның ішінде: дәнді дақылдар 45,907 га, майлы дақылдар 22,674 га, қант қызылшасы 500 га, бақша 476,6 га, көкөніс 525 га, картоп 1530,7 га, азықтық дақылдар 13499,4 га.

Қытайдың Боро-Тала қаласынан келген инвесторлар «JIN SHI» ауылшаруашылығы корпоративтік серіктестігімен Алакөл ауданындағы 340 гектар жерге заманауи тамшылатып суару технологиясын қолданбақ.

Жалпы, Алакөл ауданында 31 мың гектар суармалы жер бар. Жоба аясында алдағы 3 жылдың ішінде 3 мың гектар жерге 57 ұңғыма қазылып, пилоттық жобада жұмыс атқарылатын болады. Қазылған 3 мың гектар жерге «JIN SHI»



ауылшаруашылығы корпоративтік серіктестігімен бірігіп, тамшылатып суару әдісі толығымен енгізіледі. Сондай-ақ, алдағы уақыттарда ауданымыздағы 31 мың гектардегі шаруа қожалықтарының аумақтарына тамшылатып суару әдісі қолданылатын болады. Жобалы істер жағымды нәтиже көрсеткен жағдайда жұмыс ауқымын кеңейту жоспарлануда.

Қазіргі таңда көптеген өңірде ағын су мәселесі өзекті болып

тұрғаны мәлім. Сондықтан да суармалы суды үнемді әрі тиімді пайдалану - өте маңызды.

Осы мақсатта, Алакөл ауданының әкімдігі және «BOLAT GROUP LTD» ЖШС бірлесіп, «Жетісу облысының Алакөл ауданына қант қызылшасын, соя мен жүгеріні астыққа өсірудің иновациялық технологиясын енгізу және зауыт салу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде инвестор «JIN SHI» серіктестігімен 15 жылға мемо-

рандумға қол қойылды.

Меморандум аясында атқарылар жұмыс жоспары да ауқымды. Келісімшарт мерзімі 15 жылға созылатындықтан, алдағы уақытта екі зауыттың құрылысын жүргізуді жобалап отыр. Айта кетсек, бірі - тамшылатып суару әдісінің құрал-жабдықтарын шығаратын зауыт болса, екіншісі - өнімдерді кептіруге арналмақ.

Тамшылатып суару технологиясының тиімділігі - егістік көлемі қанша үлкен болса да, су аз шығындалады. Екіншіден, басқа зиянды шөптер дәннің өсіп, күш алып кетуіне кедергі бола алмайды және ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі арта түседі.

Екі ел арасында іске асатын жоба аясында 30-ға жуық қазақстандық мамандар оқытылып, нәтижелі жұмыспен қамтамасыз етілетін болады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



ҰЛЫ ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР-нің ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 112 жыл толып отыр. Осы тұрғыда елдің сүйіктісіне айналған тұлғаны еске алмақ ниетте, ескерткішке гүл шоқтары қойылып, ауданның бас имамы Ә.Омарханұлы марқұмның рухына құран бағыштады.

кіш, бір орталық алаң, жеті көше және бір мектеп Қонаев атымен аталады.

Жиында Үшарал қаласының әкімі М.Сайдильдинов мемлекет қайраткерінің өмір жолын айтып өтіп, марқұмның ерең еңбегін сөз етті. Еңбек ардагері,

Алакөл ауданының Құрметті азаматы Ж.Жұманов елі үшін тер төккен тұлғаның ерлігі мен өнегелі істерін еске алды. Сондай-ақ ақын, Алакөл ауданының Құрметті азаматы Т.Садиев арнауын, ізін суытпай жас ақын, Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ гимназиясының 8 сынып оқушысы А.Айыпжанқызы да қоғам қайраткеріне арнаған өлеңін оқыды.



Общественный прием

Аким района А. Абдинов провел общественный прием граждан. Пришедшие жители обратились с насущными вопросами и проблемами.

Круг обращений в основном был сосредоточен на одном из самых актуальных задач - жилищном вопросе.

Необходимо отметить, что жилищный вопрос поднимается на каждом приеме граждан. Многие из обратившихся приходят с просьбой о постановке их в очередь, другие же уточняют их порядковый номер. Однако, главным обращением остается получение собственных квадратных метров. Отметим, что в течение последних двух лет удалось ввести в эксплуатацию

несколько многоэтажных жилых домов в восточной части города Ушарал, и в скором времени можно будет говорить о выдаче квартир в райцентре. Они выдаются и будут выдаваться в установленном порядке по пяти категориям гражданам. Поэтому очередникам необходимо ясно понимать к какой категории они относятся.

В целом прием граждан прошел достаточно плодотворно. Обратившиеся 18 жителей района, 17 из которых по жилищному вопросу, 1 из них с вопросом узаконения документов получили необходимую информацию и консультации из первых уст.

Ш. ИМАНАСОВА.



Қазақ елі ардақты ұлын еске қалдыру мақсатында Дінмұхамед Ахметұлына қазақ жерінің әр түкпірінде көше, жер атау-

лары, тіпті, жақында бөлінген Алматы облысының орталығы Қонаев қаласына да аты берілді. Алакөл ауданында да екі ескерт-

А.ӘБИТҰЛЫ.

Мақала мақсаты айқын



оларға болашаққа жол ашатын бағдарламалар қабылданғанын жеткізді.

2024 жылы біздің елімізде көптеген саммиттер мен форумдар жоспарланғанын, оған Қазақстан басшылық ететінін айтты. Осындай игі істерге біз өте қуаныштымыз. Сонымен қатар еліміздің ардақты ұлда-

Даму прогрессі тұрақты

«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» тақырыбындағы сұхбатын оқып, таныстым.

Мемлекет басшысы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісіне берген сұхбатында Қазақстан халқын келген Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, 2023 жылдағы атқарылған істер мен негізгі саяси реформаның да сәтті аяқталғанына тоқталды. Елімізде жаңа әділетті Қазақстан және бәсекеге қабілетті экономиканың сәтті дамып келе жатқандығына

тоқталып өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы дүниетанымымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеу мен жалған патриотизм мен дарақылықтан сақтануымыз қажет екенін және біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, береке-бірлікке шақыратын жолды таңдап, тек алға қарауымыз керек екенін айтты.

Бұл ой – бізді, ел амандығын, береке-бірлікті тілейтін аналар қауымын қатты қуантты. Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағаланып, білім мен жаңашылдықтың салтанат құруға тиіс екеніне баса көңіл аударды. Президент еліміздің жастарына сенетінін,

ры мен қоғам қайраткерлерінің мерейтойларының да назардан тыс қалмайтынын тілге тиек етті. Осы орайда, өткен жылда біздің Алақөл ауданында да көптеген істер атқарылып, 2024 жылға халқымызды, ұрпағымызды алға жетелер іс-шаралар жоспарланып, жолға қойылды. Ашық сайлау, жастарға қамқорлық, ардагерлерге құрмет үнемі көрсетілуде.

2024 жылдың елімізде берекелі, ынтымақты, толағай табыс әкелетін жыл болатынына сенеміз. Еліміз әрқашанда алда, ұрпағымыз аман болуын тілейміз!

Ұлжалғас ДҮЙСЕБАЕВА,
аудандық аналар кеңесінің төрайымы.

Тіл — ең асыл құндылық

Қазақ тілі — қазақ халқының басты рухани байлығы. Әр халық үшін тіл маңызды құндылық. Біздің ата-бабамыздан қалған — баға жетпес мұра. Тілден құдіретті, бағалы қасиет жоқ деп ойлаймын.

Жарық дүниеге келген сәби бұл әлеммен қай тілмен таныса, сол тіл ол адам үшін қымбат. Тіл отбасылық қарым-қатынас қана емес, ол қоғамдық дамудың маңызды сатысы. Туған тілдің абыройын асқақтату — әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болған мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы.

Тіл — әрбір ұлттың мақтанышы, жан дүниесінің айнасы. Ол — ең ұлы, тамаша тіл. Тіл — оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізі, арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні болатын болса, осы құндылықтардың бәрін заман-

нан заманға, адамнан адамға жеткізуші — бүгінгі ұрпақ. Біздің елімізде ресми және жалпы — мемлекеттік тіл болуы тиіс. Қазақстанда өмір сүретін әр азамат елін ойласа, ұлтының рухын ойласа, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосуы қажет.

Қазақта «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген керемет нақыл сөзде айтылғандай, тілдің құдіретін бүгінгі жас ұрпақ ерте сезінуі керек. Алға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана Мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды.

Олай болса ата-бабаларымыз салған сара жолдан таймайық, елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін! Тіл тағдыры — ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық!

С.ШАМАНОВА,
Алақөл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының Қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің басшысы.

Балаларды еңбекке ерте жастан баулу керек

Еңбек — адамды қалыптас-тырушы фактор. Адамдардың қоғамдағы орны еңбегімен анықталады. Демек, адамды адам еткен — еңбек.

Қазақтың ұлы ақыны Абай айтқандай «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек, мал жұтайды, өнер жұтамайды». Бұл сөзден еңбек адамның өмірлік жолында пайдасы зор екенін байқаймыз. Сонымен қоса президент Қ.Тоқаевтің халыққа Жолдауында еңбек жайлы мағыналы сөздерді үнемі естіп келеміз.

Қазіргі көркем еңбек сабағының кілтті сөзі ол — еңбек. Бұл сабақтың мақсаты балаға қарапайым еңбек құралдарымен таныстырып, қол моторикаларын дамытып, түрлі-түстерді ажыратуға үйрету. Еңбек құралдарын дұрыс пайдалана отырып, қол икемділігін дамыту. Балалардың қию, бояу, жапсыру, арқылы қол моторикасын және саусақ моторикасын дамыту. Бояу, өсемдеу, өрнектеу, сәндеу арқылы балалардың еңбек сабағына деген қызығушылығын оятуды үйрететін болса, бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманы. Адамзат баласының ақыл-ойының дамыған заманында «Еңбек» сабағы «Технология, Көркем еңбек» болып өзгеруде. Қазақ елі еңбекті ерекше бағалап, құрметтеген.

Мысалға: «Жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны тәтті» деген сияқты мақал-мәтелдерінен байқауға болады.

«Көркем еңбек», «Технология» сабақтары балалардың шығармашылық жігерін ашуға көмектеседі. Шеберлік деңгейінің өсуіне, әр жұмысты соңына дейін жеткізудегі шыдамдылық, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастырады. Балалар орасан зор еңбегінің жетістігін көргеннен кейін сол затты қайта жасауға қызығады, және соны үйренуге талпынады. «Технология, Көркем еңбек» пәндерінің балаға берер білімі өте көп және күрделі пән ретінде қарауымыз керек. Еңбекке немқұрайлы қарау нағыз білімсіздік. Қазіргі таңда маман ретінде байқайтынымыз, балалардың сабаққа ықыласы төмен. Сонда балада білім болмаса, бір кәсіптік бағытқа бағдар берілмесе, ондай бала ертең қоғамда орнын қалай табады? Бұл үлкен ойландыратын жағдай. «Еңбексіз өскен бала, ескексіз жүзген қайық», — деп дана бабаларымыз бекер айтпаса керек.

Айгерім ХАСЕНОВА,
«Жансая» оңалту орталығының еңбек пәні маманы.

Маңызды дүниелер айтылды

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты жарияланып, көптеген мәліметтер жарық көрді.

Елдің бірлігі мен берекесінен асқан құндылық жоқтығын, патриоттық сезім мен Отанға деген сүйіспеншіліктің маңыздылығы көрсетілді.

Президент өз сөзінде: «Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс. Бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бас-



тамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік — нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз», — деді.

Шынымен де, әлемдік аренада бәсекелестікке лайықты

болу үшін бізге білім мен ғылымының дамуы, сананың ашықтығы, тастүйін ымырашылдық пен ынтымақ қажет. Жаңа заманның көшінен қалыспау үшін осы қасиеттерді толықтай игеруіміз керек. Бұл жолда бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, береке-бірлікте қадам жасағанымыз абзал.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Воплотить в действие

тов. Отмечается, что продолжатся традиции чествования граждан страны, будут проведены масштабные исследования, посвященные 80 - летию со дня основания улуса дата-Джучи, что говорит о глубоко укоренившейся государственности.

Глава государ-

Выбрала для себя труд учителя

Сегодня на наших глазах изменяется страна, меняется и школа. Жизнь современного учителя не менее динамична, чем жизнь общества. Профессия педагога требует от человека не только больших знаний, но и духовных сил, терпения, и радуется то, что несмотря на сложности и трудности находят люди, которые выбирают для себя в этой жизни труд учителя.

Как часто бывает, поговоришь с человеком, и сразу становится ясно, что посвятил он жизнь своей любимой профессии, применил свои способности в том деле, которое ближе всего по сердцу, и этим полезен обществу. К таким людям относится Адилбаева Гулняз Айткалиевна, учитель математики Ушаральской казахской гимназии. Закончив физико - математический факультет Талдыкорганского педагогического института с красным дипломом, получив образование, свою трудовую деятельность начала в 1992 году. И никогда она не пожалела о своем выборе. За 32 года она научила любить цифры множество учащихся. Ее спокойствие, уравновешенность, интеллигентность, уроки притягивают и вызывают чувство уважения и признательности среди учеников и коллег. Для нее характерны неиссякаемая энергия, не умение сидеть без дела. Прекрасный педагог, знаток детских сердец учит учащихся детей познавать мир математики, не только осваивать во время учебного процесса различные способы решения задач, но и разрабатывать стратегию.

Она всегда на подъеме, на высоте. С ней ученикам поучительно и познавательно. Использует в работе такие методы как дифференцированное выравнивание, методы развития, то есть все приемы и методы обновленного содержания школьного образования.

«Я обучаю математику учеников 5, 6, 8, 10, 11 классов. Сколько любви, сил, доброты, упорного труда потребо-

валось, чтобы за годы деятельности дать прочные, глубокие знания сотням учеников», - отмечает Гулняз Айткалиевна. Подтверждением ее слов являются призовые места ее учащихся на районных, областных предметных олимпиадах. В прошлом году ее ученица Кабдулмажит Айдана в предметной районной олимпиаде математического направления заняла I место, а в областной уже III место. В 2015 году на международном конкурсе научных проектов ученица Халбаева Аида заняла III место, в международной олимпиаде Аль-Фараби Кабдыкарим Дина почетное 1 место, в международном конкурсе «Кенгур» по математике - I место Кабдулмажит Айдана, в 2018 в том же мероприятии - I место Кыдырханова Акниет, в областной предметной олимпиаде, прошедшей в 2012 г. - III место Халбаева Аида, в 2014 Аида уже получает II место. В 2017 году на республиканском интеллектуальном марафоне «Акбота» Кыдырханова Акниет была удостоена I места, а уже в 2018 г. Жапарғалиева Меруерт занимает II место.

В 2018 году на областной предметной олимпиаде Кыдырханова Акниет - III место, в олимпиаде того же уровня по естествознанию, прошедшей в 2022 году - III место Кабдулмажит Айдана.

Гулняз Айткалиевна в областной олимпиаде «Математическая регата» среди педагогов заняла III место, а в районном конкурсе «Жылдың үздік мұғалімі -2023» стала об-



ладателем I места. И таких достижений не перечесть. Но пожалуй самым ярким стало награждение на основании Указа Президента Республики Казахстан К. Токаева орденом «Құрмет» в преддверии Дня Республики в городе Астана.

Древняя мудрость гласит: «Велик тот учитель, который владеет всеми секретами профессии, потому что добросовестно и успешно проходит все ее ступени». А наша Гулняз Айткалиевна освоила многие наиболее важные ступени своей специальности, ведь она хороший педагог. Пусть ее талант, доброта и душевная щедрость еще долго остаются маяком для всех коллег и учеников, а ее образ примером для подражания. Ведь ее профессия состоит из нелегких, но интересных будней, требующих много терпения и понимания. От всей редакции поздравляем ее с такой наградой, как результатом ее многолетней профессиональной деятельности и желаем ей крепкого здоровья и благополучия, а также неустанного поиска истины и знаний, взаимопонимания в коллективе и благодарных, любознательных учеников.

Ш. ИМАНАСОВА.



На пути построения справедливого государства

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в интервью изданию «Egemen Qazaqstan» подробно рассказал о проблемах, волнующих общество сегодня, размышляя над событиями в прошедших годах. Глава государства рассказал о политических реформах, механизме и гаранте правозащитной деятельности, указал на ряд специфических особенностей в избирательной системе, а также подчеркнул новые правила избрания депутатов Мажилиса и маслихатов в стране.

Глава государства в интервью остановился на достижениях в социально-экономическом развитии страны и путях решения проблем. Было сказано, что на пути создания конкурентной экономики в стране запущен ряд механизмов: диверсификация экономики, обновление инфраструктуры, привлечение инвестиций. Отмечается, что со стороны государства также уделяется внимание развитию сферы образования и здравоохранения.

На основе политических ориентиров, определяющих интересы нации, планируется проведение ряда самми-

ства также дал свою оценку январским событиям. Мы строим справедливый Казахстан с открытой конкуренцией и равными возможностями для каждого. Принципиально важно осуществлять масштабные политические преобразования в режиме транспарентности, честности и взаимного доверия. Все эти шаги позволят воплотить в действие самые основные значимые направления развития страны, которые Глава государства четко определил на перспективу, только от граждан страны, от их четкого понимания необходимости серьезных перемен для построения нового Казахстана зависит будущее государства.

Верю, что страна, руководствуясь поставленными задачами Главы государства К. Токаева, добьется выдающихся результатов по ее реализации. Нет никаких сомнений в том, что обозначенные Президентом стратегические направления государственной политики по всему спектру ключевых вопросов станут новым этапом в выводе Казахстана на новые рубежи развития.

Э. КАБДОЛДАЕВА,
директор СШ
им. И. Жансугурова.

Мемлекеттік қызмет алушылардың назарында

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығы Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінде өмірлік жағдайлар және заңдық фактілердің тізбесін мен іс-әрекеттер алгоритмін айқындайды.

1. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге өкету үшін қалай өтініш беруге болады? Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі қандай?

Карантинге жатқызылған өнімді шетелге өкету үшін фитосанитариялық сертификат алуы керек.

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерге өкету (экспорттау) үшін фитосанитариялық сертификат алу мақсатында жеке немесе заңды тұлға (көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау келесі тәсілдер арқылы іске асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық бөлімшесінің кеңсесі;

2. www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы;

3. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға өтініш берген сәттен бастап, сондай – ақ порталға жүгінген кезде-2 (екі) жұмыс күні ішінде.

- карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын, өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен асырмай берілген карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін карантиндік фитосанитариялық сараптау қорытындысы қоса берілген өтініш көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға берілген сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс сағаты ішінде.

- тез бұзылатын карантинге жатқызылған өнімнің (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын, өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен асырмай берілген карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін карантиндік фитосанитариялық сараптау қорытындысы қоса берілген өтініш көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға берілген сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде.

2. Карантинге жатқызылған өнімді өкетуге қандай тыйымдар бар?

«Ағаш материалдарының жекелеген түрлерін өкетуді реттеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 690 бұйрығы-

ның 1-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды 4406910000 «Сіңірілген теміржол немесе трамвай жолдарына арналған қылқан жапырақты тұқымдардан жасалған ағаш шпалдар» кодын қоспағанда, шығарылған еліне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағынан ағаш материалдарының жекелеген түрлерін (Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды 4401, 4403, 4404, 4406 және 4407) өкетуге алты ай мерзімге тыйым салу енгізілген.

3. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан өкелу/өкету кезінде қандай нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынады?

Өсімдіктер карантині саласындағы нормативтік құқықтық актілер, атап айтқанда:

- «Еуразиялық экономикалық одақта өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы

№ 318 шешімі;

- «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы және кедендік аумағындағы карантинге жатқызылған өнімдер мен карантинге жатқызылған объектілерге қойылатын бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 157 шешімі;

- «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы

29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығы.

4. Карантинге жатқызылған өнімдерді импорттау кезінде басқа елдердің электрондық фитосанитариялық сертификаттары таныла ма?

«12 фитосанитариялық сертификат» фитосанитарлық шаралардың халықаралық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті экспорттаушы ел карантинге жатқызылған өнімге беретін электрондық фитосанитариялық сертификаттарды қабылдауға мүмкіндігі жоқ екенін хабарлайды.

Сонымен қатар, жоғары фитосанитариялық тәуекел карантинге жатқызылған өнім тағайындалатын орындардағы заңнама негізінде экспорттаушы елдің қағаз жеткізгішіндегі фитосанитариялық сертификаттың түпнұсқасын карантиндік фитосанитариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор алып қоюға жатады.

5. Қандай жағдайларда карантинге жатқызылған өнімді Қа-

зақстан Республикасының аумағына өкелуге тыйым салынады?

«Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-1-тармағына сәйкес келесі жағдайларда карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына өкелуге тыйым салынады:

1) экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификаттарының фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, карантинді объектілер мен бөтен текті түрлерді жұқтырған карантинге жатқызылған өнімді;

3) карантинді объектілердің таралу ошақтары бар аймақтардан, орындардан және (немесе) өндіріс учаскелерінен топырақты, тамыр жайған тірі өсімдіктерді топырағымен қоса;

4) уәкілетті органмен келісім бойынша ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін өкелінетін үлгілерді қоспағанда, өсімдік ауруларын қоздырушыларды - тірі саңырауқұлақ өскіндерін, бактерияларды, вирустарды, сондай-ақ өсімдіктерді бүлдіретін жәндіктерді, кенелерді, нематодтарды, карантиндік арамшөптер тұқымдарын;

5) уақытша карантиндік фитосанитариялық шаралар енгізілген карантинге жатқызылған өнімді өкелуге.

6. Шегіртке зиянкестерін қоспағанда, аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы іс-шаралардың орындалуын бақылау бойынша республика аумағында қандай жұмыстар жүргізіледі?

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі жедел кезеңде күн сайын аса қауіпті зиянды организмдердің таралуы жөніндегі мәліметтерді ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті төрағасының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 259-н бұйрығымен бекітілген Карантинді объектілерді есепке алу мен анықтау әдістемесіне сәйкес аса қауіпті зиянды организмдердің саны экономикалық зияндылық шегінен жоғары болған жағдайда, шаруашылықты көрсете отырып, тексеру актісі ұсынылады.

Зияндылықтың экономикалық шегінен асып кеткен тексеру актісі деректері бойынша (дабыл хабарламасы) өсімдіктерді қорғау инспекторы бақылау субъектісіне қажетті фитосанитариялық іс-шараларды міндетті түрде жүргізу үшін бұзушылықтарды жою туралы орындау мерзімдерін көрсете отырып екі данада ұйғарым шығарады.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымды орын-

дау мерзімі оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым тапсырылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кем емес мерзімде айқындалады

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 129-бабы

4-тармағының 7) тармақшасына сәйкес карантиндік аймақтар мен қолайсыз пункттердегі қызметке, жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарына, карантиндік объектілердің, аса қауіпті зиянкестердің ошақтарының мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) және жүзеге асыру уақытын алдын ала анықтау мүмкін болмаған жағдайда мемлекеттік бақылау және қадағалау мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісіне алдын ала хабарламай және тексеру тағайындау туралы актіні тіркеусіз жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісі бақылау және қадағалау органына бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның орындалуы туралы ақпаратты беруге міндетті.

Бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымды орындаудың көрсетілген мерзімі өткеннен кейін уәкілетті орган ұйғарымның сақталуын анықтау мақсатында тексеру жүргізеді. Бұйрық орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады, кінәлі адамнан одан әрі сотқа жіберу үшін шығарылған ұйғарымды орындамау себептерін көрсете отырып, түсіндірме хат алынады және Қазақстан Республикасы Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары шығарған заңды талаптарды немесе нұсқауларды, ұсынымдарды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша өкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сотқа жіберу үшін келесі құжаттар тізімдемесі жасалады, оның ішінде: құқық бұзушының түсіндірме хаттамасы, өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама, кәсіпкерлік субъектісінің санатының анықтамасы.

7. Зиянды организмдерге қарсы іс-шаралардың орындалуын бақылау алгоритмін айтыңыз?

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі жедел кезеңде апта сайын аса қауіпті зиянды организмдердің таралуы жөніндегі мәліметтерді ұсынады.

Зиянды организмдер саны экономикалық зиянды шегінен асып кеткен жағдайда инспектор шаруашылықты көрсете отырып, тексерудің маршруттық парағын сұратуы қажет.

Ұсынылған маршрут парағы (дабыл хабарламасы) бойынша зияндылықтың экономикалық шегінен асып кеткен жағдайда

(мысалы, бидай трипсі немесе арамшөптер) Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 462-баптың 2-тармағына сәйкес өсімдіктерді қорғау инспекторы өкімшілік іс қозғайды. Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 802-баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Өкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау себептерінің бірі құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан алынған материалдар болып табылады. Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 802-баптың 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 741-бабында көзделген іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар болмаған кезде, өкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы өкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауға негіз болып табылады.

Құқық бұзушыны өкімшілік іс жүргізуді қарауға шақырған кезде хабарлама шығарылады, онда күні, уақыты, мекенжайы, «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-5-бабының 1-тармағында көзделген бұзушылық, «фитосанитариялық мониторинг жүргізу және фитосанитариялық шараларды жүргізу және саны зияндылықтың экономикалық шегінен асатын зиянды және аса қауіпті зиянкестердің дамуы мен таралуын болдырмау».

Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 403-бабының 2-тармағына сәйкес фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу, нәтижесінде саны зияндылықтың экономикалық шегінен асатын зиянды организмдердің дамуына және таралуына әкеп соғады, өкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Өкімшілік іс жүргізу – өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама, құқық бұзушылық туралы түсіндірме хаттама және т.б.

Егер субъект құқық бұзушылық фактілерін мойындаса, Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 810 және 811 баптарына сәйкес қысқартылған іс жүргізу қолданылады (жеті тәулік ішінде санкция бабында көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл төлеу).

Барлық құжаттарды толтырғаннан кейін сіз барлық деректерді өкімшілік базасы дерекқорына - Өкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізіліміне енгізіп, айыппұлдың төленуін бақыланады.

Қ. ТАЙКЕНОВ,
аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Үй болу неге қиын?



«Мінезіміз жараспады. Бір-бірімізді танып үлгермедік. Біз үшін ортақ ештеңе жоқ. Отбасы бола алмайтынымызға көзіміз анық жетті. БІЗ – АЖЫРАСАМЫЗ». Міне, бүгінгі екі жастың бір-ақ сәтте тоғысқан тағдыры, көтерген шаңырағы дәл осылай шайқалуда. Бұл – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналды.

АЖЫРАСУ – ШЕШІМ ЕМЕС

Қоғам ажырасқан әйелді, көзі жәудіреген жетім баланы бауырына баспайды. Өзекке теуіп өгейсіткеннен ары аса алмайды. Жәбірленген, зорлық-зомбылық көрген баланың көпшілігі ажырасқан я болмаса некесіз туған балалар екенін зерттеу нәтижелері анықтап берді. Демек, бір шаңырақтың шайқалуы сол отбасындағы әр баланың тағдырына тікелей әсер етпей қоймайды.

Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті жүргізген сауалнама нәтижесінде «Азаматтар екі жақты келісім бойынша некені бұзуға өтініш білдірген кезде, өтініш берушілер некені бұзудың негізгі себебі ретінде көбіне «мінездің сәйкес келмеуін» көрсеткен. Демек, ажырасып жатқан жұп үшін айтарлықтай мәселе жоқ. Тек мінездің сәйкес келмеуі сылтау. Бұл жерде барлық жұптың мінезі сәйкес келмейді деген сөз емес. Әр отбасында әртүрлі жағдай болуы мүмкін. Алайда көпшілік осынау бір қисынсыз жауапқа жақын-ақ.

Екі жас үйленетінін айтса ата-ана да, ағайын-туыс та тек тойдың қамымен шапқылап кетеді. Құдалардың алыс-берісін түгендеп жүргенде ұлға да, қызға да отбасылық өмірдің қиыны мен қуанышы қатар жүретінін, отбасын қорғап, сақтап қалудағы ең басты міндеттер жайлы ешкім тіс жарып айтпайды. Үлкендердің мақсаты – құдаларды жоғары деңгейде күтіп, бір-біріне қымбат киіптерді беріп, бәсекелесіп, мақтанумен шектеледі. Ал жастардың отбасылық өміріне бас қатырып, балтыр сыздатып жатқандар шамалы. Нәтижесінде жастардың мінезі үйлеспей, өмір ұсынған тосын сыйларға төтеп бере алмайды. Асығыс шешім қабылдаған олар отбасының тұтқасынан да айырылып жатады. Екі жарты бір бүтін болған соң тек бір мақсатта ғана еңбек ету керек. Ажырасу – барлық мәселенің шешімі емес.

ОҢАЙ ОЛЖА ЖОҚ

Отбасын құрған жастар ертең ажырасамыз деп ойламайды. Олар үнемі махаббат кемесінде тербеліп қызықты әлемде өмір сүреміз деп ойлайды. Алайда қызыл мен жасыл түстің ара-

сында сарының барын ұмытып кетеді. Айрандай ұйып отырған отбасында сәл кикілжің бола қалса, қыз төркінінің есігін қағып, анасының бауырына тығылады. Егер ақылды ана болса: «Еті менікі, сүйегі сенікі» деп барған жеріне балдай батып, судай сіңдірер. Ал анасы «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын» деп ақыл айтудың орнына: «Есеңді жіберме. Сені көшеден алған жоқ. Іздеуің, сұрауың бар. Өзіңе мықты бол. Ешкімді басындырма» деп отырса, онда ол шаңырақтың шаттығы, босағаның берекесі ұзаққа созылмайды. Осындай-

соңғы уақытта қыз-келіншектердің жеке бастарының мақсаты үшін ауқатты, бай еркектерге күйеуге шығып, көп ұзамай қайта ажырасып кету оқиғасы да жиілеп кеткен. Сондағы арам пиғылды әйелдердің көздегендері – еркектің жиған-терген дүниесіне ортақтасып, заң шеңберінде мүлкін бөлісу. Сон-

отбасының берекесі қашады. Отбасының бірлігі мен берекесін асырып, шаттығын еселеп отыру – ер азаматқа да, әйелге де, сонымен қатар ата-аналарға да тікелей қатысты. Бұл өмірде олжа ешқашан оңай келмейді. Жастар ашуға бой алдырса, көпті көрген үлкендер тоқтау айтып, жол сілтеп, бағыттарын айқындап берсе, шаңырақтың берекесі артып, үлгілі отбасы болары ақиқат.

ДЕРЕК пен ДӘЙЕК

«Wisevoter» мәліметінше, Қазақстан ажырасу саны бойынша әлемде 114 елдің ішінде 16-орында тұр. Ал ТМД елдері арасында Қазақстаннан жоғары рейтингтің 3-орында Ресей, 4-орында Молдова, Беларусь 5-орында, Украина 9-орыннан көрінген. Қырғызстанда, Өзбекстанда, Арменияда және Өзбекстанда ажырасу аз тіркелген. Ажырасудың көп дерегі Мальдив аралдарында, Гуамда және Ресейде. Вьетнамда, Шри-Ланкада және Перуде ажырасу дегеніңіз жоқтың қасы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексі ерлі-зайыптыларға тең құқықтарды пайдалануды, тең міндеттер атқаруды, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауға тең дәрежелі ортақ құқық береді. Тіпті, ата-ана атанғанда бала тәрбиесіндегі міндеттерді теңдей мойынға артады. Бірақ көп әке-шеше бұл жауапкершілік жүгін бөлісіп жүрген жоқ. Заңда тайға таңба басқандай етіп жазылғанымен, іс жүзінде орындалып жатқаны шамалы. Отанның отбасынан басталатынын білсе де шағын мемлекетті сыртқы, ішкі жаудан қорғап, қалқан болып жатқан ер азаматтар аз. Тым аз. Үйленген сәтте «Үлгілі отбасы боламыз. Бізден асқан берекелі отбасы болмайды» деген арман табыстың төмендігінен, баспананың болмауынан, жұмыссыздықтың, несиең кесірінен күл-талқан болып, көкке ұшады. Осындай сынақ келсе, сынбай көтерудің орнына қолды бір сілтеп, отбасын тастап кететін азаматтар саны артпаса кемімей тұр. Барлық ер азамат

осындай деп шешім шығару біздің құзіретімізде емес. Дегенмен ерлердің ебедейсіздігінен қоғамда жалғызбасты көпбалалы аналар саны артты. Десе де, ажырасу – материалдық жағдайға келіп тірелмейді. Себебі табысы тасыған, тұрмысы жақсылар ажыраспайды деген заң жоқ. Олардың да отбасында кикілжің болып, екеуі екі жаққа кетіп жататын сәттер кездеседі.

Ажырасудың салдары толық емес отбасы, жалғызбасты ана, жалғызбасты әке, тіпті, жетім балалар санының артуына алып келуде. Таяуда ғана алты баласы бар анаға меценаттар көмек көрсетті. Алты қызды бір өзі тәрбиелеп отырған жалғызбасты ананың негізгі кәсібі – такси жүргізушісі. Шаңырақтың иесі отбасындағы аздаған қиындыққа шыдамай, бала-шағаға қолды бір сілтеп, кеткен күйі кері қайтпаған. Бала деп жанын шүберекке түйген ана қыздарын қатарынан қалдырмай тәрбиелеп, күндіз-түні еңбек етуде. Бір отбасының бар ауыртпалығын өз мойнына алып, жаны нәзік болса да намысқа тырысып жүрген қазақтың қаншама қызы жауапкершілік жүгін өздері арқалап жүр десеніңізші?!

Отбасының жауапкершілігі – шаңырақ көтерген ерлі-зайыптыларға тікелей байланысты. Отағасы мен отанасы көз бен қол болып, бірге өмір сүруі керек. Көз жыласа, қол жасты сүртіп, бірін-бірі демеп, қолдап жүрген ата-ананың сыйластығын көрген балалар да дәл сол жолмен жүретіні анық.

«Қиын да емес, оңай да емес үй болу,

Ой бөлу үйге, қамқорлық жасап үйрену,

Көңілін табу, қабағын бағу жарыңның,

Екеу боп өмір сүрудің жолын игеру» деп жырлаған ақын Оразақын Асқардың өлеңіне құлақ түріп, сөз төркінін түсінетін жас болса, қанекей? Қамқорлық жасап, көңіл бөлуден басталатын отбасылық өмірдің көзге көрінбейтін құпиялары мен ережелерін берік ұстанған жандар мына өмірде бақытты ғұмыр кешіп, соңына өшпес із қалдырады.

Дамыған, көркейген, жайқалған елде алаңсыз өмір сүріп жатсақ та, түрлі техниканың тілін меңгеріп, талай қиындыққа төтеп берсек те біз ҮЙЛЕНІП, ҮЙ БОЛУДЫ ҮЙРЕНЕ АЛМАЙ ЖҮРГЕНІМІЗ ӨКІНІШТІ-АҚ.

Еңлік КЕНЕБАЙ,
журналист.

Оқырман ойы

Сыйластыққа сызат түсті

– Ұл ержетіп, қыз бойжеткен соң оларға отбасы, ошақ қасының әңгімесін жиі айтып отырған жөн. Отбасындағы берекені мен бірліктің берік орнауы қыз балаға тікелей байланысты. Әйел адам қашанда өз орнын білгені жөн. Ер азамат бір саты жоғары тұруы керек. Бірақ бүгінгі жастар мұны мойындағысы келмейді. Жас келін өз ата-анасын қалай сыйлап, құрметтесе ата-енеге деген ізетін солай білдіргені дұрыс. Сабырлы, пысық, кешірімді бола білген әйелдің бағы бес елі болмаса маған келіңіз.

